

КӘСІПКЕРЛІК: ТЕОРИЯ, ПРОЦЕСС, ПРАКТИКА

Кәсіпкерлік: эволюциялық даму –
революциялық әсер

1-тарау. ХХІ ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі



Кітап: Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика

Тарау: 1. XXI ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Дәріс: 1. Кәсіпкерлік: эволюциялық даму – революциялық әсер

Дәрістің мақсаты: ғасырлар бойы эволюциялық жолмен дамып келген кәсіпкерліктің XXI ғасырдың жаңа ұранына айналып, революциялық рөлін зерттеу және оны түсіну.

Дәріс сұрақтары:

- 1) XXI ғасыр ғасырда кәсіпкерлік пен кәсіпкерлердің рөлін анықтау, кәсіпкерлік ойлау жүйесін түсіну;
- 2) кәсіпкер мен шағын бизнес иелері айырмашылығын анықтау;
- 3) кәсіпкерліктің тарихи дамуын зерттеу;
- 4) кәсіпкерлік туралы мифтерді талдау және әшкерелеу;
- 5) кәсіпкерлік революция: жаһандық феномен.

Кәсіпкерлер – жасампаз инноваторлар

Кәсіпкерлік XXI ғасырдың жаңа ұранына айналды. Кәсіпкерлер деген кімдер? Кең тараған пікір – бұл кәсіпкер – жасампаз инноваторлар.

Кәсіпкерлер – өзгелер хаос, қайшылықтар мен түсініксіз жайттарды көрген жерден жаңа мүмкіндіктерді тани білетін адамдар. Олар – нарықтағы өзгерістерді батылдықпен жүзеге асырушылар. Оларды жаңа тосқауылдарды бұзып өтетін Олимпиада спортшыларына, ұзақ қашықтықпен жан аямай күресетін желаяқтарға, әртүрлі аспаптарды үйлестіріп, үйлесімді дыбыс шығаруға ұмтылатын симфониялық оркестр дирижеріне, сондай-ақ, үнемі шапшаңдық пен қобалжудың құрсауында жүретін жоғары жылдамдықты әскери ұшақтың ұшқыштарына теңестіруге болады.

Кәсіпкерлер – бүгінгі нарықтың қаһармандары. Олар компаниялар ашып, таңғажайып қарқынмен жаңа жұмыс орындарын іске қосады. Әлемдік экономика олардың күш-жігері арқасында көркейіп, қазір әлем еркін кәсіпкерлікті экономикалық дамудың ең маңызды күші ретінде танып отыр. Кәсіпкерлердің құштарлығы мен қозғалысы бизнес әлемін алға сүйрейді. Олар үнемі тосын, тылсым дүниемен таласқа түсіп, болашаққа қарай талмай серпіліс жасап отырады.

Кәсіпкерлер және шағын бизнес иелері: айырмашылығы не?

Кәсіпкер мен шағын бизнес иесі терминдері кейде бір-бірінің орнына жүреді. Алайда кей жағдайда екі терминнің ортақтығына қарамастан, аты мен затындағы айырмашылықтарын білген де жөн.

Шағын бизнес дербес басқарылып, жұмыс істейді, өз саласында басымдыққа ие емес және әдетте көптеген жаңа немесе инновациялық тәжірибелерді көп қолданбайды. Олар ешқашан ұлғайып өсуді мақсат етпейді және иелері осы бизнесін жүргізу үшін тұрақты әрі тыныш жолды таңдайды; басқаша айтқанда, өз бизнесін тұрақты сатылым, орташа пайда мен өсімге қанағаттану арқылы басқарады. Себебі шағын фирмалар бұрыннан орныққан бизнестерді, сондай-ақ, франшизаларды қамтиды, олардың иелері шағын бизнес басшылары деп саналады.

Екінші жағынан, кәсіпкерлік венчурлер – кәсіпкерліктің негізгі мақсаты инновация, табыстылық пен өсу болатын кәсіпорындар. Осылайша, бұл бизнес инновациялық стратегиялық тәжірибелермен және тұрақты өсумен сипатталады.

Кәсіпкерлер мен оларға қаржылай қолдау көрсететіндер әдетте тез өсуді және жылдам пайда табуды көздейді. Олар тіпті үлкен капитал табысын иелену (кенелу) мүмкіндігі пайда болса, бизнесін сатуға дейін баруы мүмкін. Осылайша, кәсіпкерлер мен шағын бизнес иелерінің өз фирмаларын дамытуға қатысты көзқарасында айырмашылық бар.

Осы дәрісімізде біз кәсіпкерлерге және кәсіпкерліктің тиімді дамуына, оның ішінде ұйымдардағы кәсіпкерлік ойлау жүйесіне көңіл бөлеміз. Мұнда айтылатын кейбір жайттар шағын бизнес иелеріне де, кәсіпкерлерге де қатысты болуы мүмкін; алайда біз кәсіпкерлерге байланысты инновациялар мен өсудің қыр-сырына тереңірек назар аударатынымызды ескеріңіз!



Кітап: Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика

Тарау: 1. XXI ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Дәріс: 1. Кәсіпкерлік: эволюциялық даму – революциялық әсер

Кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Кәсіпкерлік – бизнес құру ғана емес. Бұл – оның маңызды қыры болса да, толық көрінісі емес. Ол – кәсіпкерлерге әсер ететін арнайы көзқарасты біріктіретін мүмкіндіктерді іздеу сипаттамалары, қауіпсіздіктен тыс тәуекелдерді қабылдау және идеяны өмірде ілгерілету үшін табанды болу. Келесі дәрістерде кәсіпкерлік ойлау жүйесі жеке адамдар мен корпорацияның дамуына септігін тигізетінін көрсетеміз.

«Кәсіпкерлік ойлау жүйесі» термині «әлемге инновациялық көзқараспен қарау» деген таным мен ұстанымды айқындайды. Бұл әр адамның кәсіпкерлік әлеуетін қалыптастырады. Ойлау жүйесі креатив идеяларды табу мақсатында ұйымдардың ішінде немесе сыртында, коммерциялық немесе коммерциялық емес кәсіпорындарда, бизнесте немесе бизнестік емес әрекеттерде көрінеді.

Осылайша кәсіпкерлік – жеке тұлғаның бизнесін инновациялық мәнермен дамытатын кешенді тұжырымдама. Әр деңгейде және әр елде бизнесті жүзеге асыру жолдарын революцияландырған – осы ойлау жүйесі. Әлем кәсіпкерлік пен инновацияны қолға алғаны анық және бизнесті жүргізу жолдарына көзқарас ешқашан бірдей болмайтыны да түсінікті. Сонымен, кәсіпкерлік революция экономикалық мағынада етек жайып, кәсіпкерлік ойлау жүйесі басым күшке айналды.

Кәсіпкерлік эволюциясы

Кәсіпкер сөзі француз тілінің *entreprendre* – «әрекет жасау» деген сөзінен шыққан. Ол бизнесті ұйымдастырады, басқарады және осы бағытта әрекет етеді. Соңғы жылдары кәсіпкерлер көп нәрсе жасап жатқандықтан, енді бұл анықтаманы кеңейту қажет.

Кәсіпкер терминінің бірден-бір кең танылған анықтамасы және бүгінгі кәсіпкерді сипаттайтын ортақ профайл жоқ болса да, зерттеу аясында субъектіге барған сайын көбірек көңіл бөлінуде. Енді кәсіпкерлік тарихына қысқаша шолу жасайық.

Адамзаттың үңгірден кампусқа дейінгі жүріп өткен жолы түрліше сипатталады. Бірақ іс жүзінде бұл теориялардың бәріне ортақ «өзгерістер агенті» рөлі болды, материалдық прогресті бастап, жүзеге асырған да – сол. Бүгінде біз кәсіпкердің адамзат тарихындағы өзгеріс агенті болғанын және солай қала беретінін мойындаймыз.

Кәсіпкерлерді мойындау XVIII ғасырда Франциядан басталды. Экономист Ричард Кантильон экономикадағы «тәуекелге бару» әрекетін кәсіпкермен байланыстырды. Сол кезеңдегі Англияда индустриялық революция дамып келе жатты, ал кәсіпкерлер тәуекелге баруда және ресурстарды өзгертуде айқын рөл атқара бастады.

Кәсіпкерлік пен экономиканың байланысы – бұрыннан қабылданған норма. Шындығында, 1950 жылға дейін кәсіпкерлік анықтамаларының көбін экономистер енгізді. Жоғарыда аталған Кантильон, француз экономисі Жан-Батист Сэй және XX ғасыр экономисі Джозеф Шумпетер кәсіпкерлік және оның экономикалық дамуға әсері туралы жазды.

Сол кезден бері зерттеушілер кәсіпкерлікті сипаттауға немесе оған анықтама беруге талпынып келеді. Кейбір мысалдарына тоқталсақ: кәсіпкерлік әдеттегі іскерлік тәртіпте жасалмаған нәрселерді жасайды; негізінде, бұл – көшбасшылықтың алуан қырын қамтитын құбылыс.

Кәсіпкерлік – авторитарлық емес қоғамдардың бәріндегі өмірдің экономикалық емес салалары мен экономикалық мақсаттарға жету үшін немесе экономикалық ұмтылыстарды қанағаттандыру үшін құрылған пайда көздеуші институттар арасындағы көпір.

Кәсіпкерлікке тән мінез-құлық туралы айтылып жүрген ортақ тұжырым мыналарды қамтиды:

- 1) инициативаны қабылдау;
- 2) ресурстар мен жағдайларды нақты пайда әкелетіндей ету үшін әлеуметтік-экономикалық механизмдерді ұйымдастыру немесе қайта ұйымдастыру;
- 3) сәтсіздік қатерін ескеру.



Кітап: Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика

Тарау: 1. XXI ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Дәріс: 1. Кәсіпкерлік: эволюциялық даму – революциялық әсер

Талдау мен талқылауға арналған тақырып ретінде кәсіпкерлікті XVIII ғасырдағы экономистер енгізген және олардың бұл қызығушылығы XIX ғасырда да жалғасты. XX ғасырда кәсіпкерлік сөзі еркін кәсіпкерлікпен және капитализммен синоним немесе, былай айтқанда, тығыз байланысты болды. XXI ғасырдағы кәсіпкер қандай айрықша істермен айналысса да, еркін кәсіпкерліктің қаһарманы болып саналады.

Кәсіпкерліктің XXI ғасырдағы эволюциясының маңызын мойындай отырып, Д. Куратко осы феноменге қажет маңызды факторларды қамтитын кешенді анықтама берді: «Кәсіпкерлік – көрегендік, өзгеріс және шығармашылықтың қарқынды процесі. Ол инновациялық идеялар мен креативті шешімдер қабылдау және іске асыру үшін жеткілікті энергия мен құштарлық болуын талап етеді. Негізгі құрамдас бөліктері: уақыт, капитал және өрлеу барысындағы қатерлерді есептеу; тиімді кәсіпорын тобын қалыптастыру мүмкіндігі; қажет ресурстарды игеруге қажетті шығармашылық қабілет; берік бизнес-жоспар құру шеберлігі және өзгелер хаос, қайшылықтар мен түсінбестікті көріп тұрған жерден мүмкіндіктерді тани алатын көрегендік».

Жаңсақ пікірлер: кәсіпкерлік туралы мифтер

Көп жылдар бойы кәсіпкерлікке қатысты түрлі жаңсақ пікірлер айтылуының басты себебі – тақырып бойынша зерттеудің аздығында. Көптеген зерттеушілер атап өткендей, кәсіпкерлікті зерттеу әлі де даму үстінде, сондықтан, қазіргі заманғы зерттеу нәтижелеріне жол бермейінше, «фольклор» басым бола бермек. Осы ретте, назарларыңызға кең тараған он мифті және оларды әшкерелеу түсіндірмесін ұсынамыз.

1-миф: Кәсіпкерлер – ойдың емес, істің адамы. Олар іс-әрекетке бейім, бірақ көп ойланады. Әр қадамын үнемі мұқият ойластырып жоспарлайтын өте тиянақты адамдар. Бүгінде айқын және толық бизнес-жоспар құру – кәсіпкерлер үшін «ойға» да, «іске» де қабілетті болу қажет екенін көрсетеді.

2-миф: Кәсіпкер болып туылады, қалыптаспайды. Кәсіпкер болуға үйрену мүмкін емес, себебі, ол үшін туа біткен қабілет қажет деген идея бүгінде маңызын жоғалтты. Ол қасиеттерге: батылдық, бастамашылдық, талап, тәуекелге баруға дайындық, аналитикалық қабілет және адами қарым-қатынас дағдылары жатады. Демек, кәсіпкерлікті ғылыми бағыт ретінде тану – бұл мифті жоққа шығаруы мүмкін.

3-миф: Кәсіпкерлер әрқашан жасампаз. «Кәсіпкер – өнертапқыш» деген идея – стереотиптердің нәтижесі. Көптеген өнертапқыштар кәсіпкер болса да, олардың көпшілігі инновациялық қызметтің барлық түрлерін пайдаланады. Мысалы, Рэй Кроц жылдам тамақтану франшизасын ойлап тапқан жоқ, бірақ, оның жаңашыл идеялары McDonald's-ты әлемдегі ең ірі жылдам тамақтану кәсіпорнына айналдырды. Кәсіпкерліктің қазіргі заманғы түсінігі өнертабыстан ауқымдырақ; кәсіпкерліктің барлық формалары инновациялық мінез-құлықты толық түсінуді талап етеді.

4-миф: Кәсіпкерлер – білім және әлеует тұрғысынан қалыпқа сыймайтын адамдар. «Кәсіпкерлерге әлеуметтік және академиялық білім қажетсіз» деген сенім қалыптасқан. Бұл – кейбір бизнес иелері оқуды тастап не жұмыстан шығып кеткеннен кейін табысты кәсіпорын бастағанына байланысты шыққан. Көп жағдайда мұндай мысалдар орташа кәсіпкерді сипаттауда асыра қолданылып кеткен. Шын мәнінде, тарихта білім беру ұйымдары мен қоғамның кәсіпкерді мойындамаған оқиғалары болған. Олар кәсіпкерді корпоратив алпауыттар әлемінде жолы болмаған тұлға деп есепке алмады. Мысалы, бизнес саласында білім беру жүйесі, ең алдымен, корпоратив бизнесті үйретуге бағытталған.

Бүгінде кәсіпкер әлеуметтік, экономикалық және академиялық тұрғыдан қаһарман болып саналады. Енді кәсіпкер жолы болмаған біреу емес, кейінгіге үлгі ретінде қарастырылады.

5-миф: Кәсіпкерлер қалыпқа сай болуы тиіс. Көптеген кітаптар мен мақалалар табысты кәсіпкердің қасиеттерінің тізімін береді. Бұл тізімдер расталмаған әрі толық емес; көбіне жетістіктерге бағдарланған адамдардың кейстеріне және оларды зерттеу нәтижесіне негізделген. Бүгінде біз кәсіпкер бейнесінің стандартын қалыптастыру қиын екенін түсінеміз. Қоршаған орта, кәсіпорын мен кәсіпкердің белсенді әрекеттері кәсіпкер бейнесінің алуан түрін қалыптастырды.



Кітап: Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика

Тарау: 1. XXI ғасырдағы кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Дәріс: 1. Кәсіпкерлік: эволюциялық даму – революциялық әсер

6-миф: Кәсіпкерлердің бар ойлайтыны – ақша. Шын мәнінде, кәсіпорынның аман қалуы үшін капитал қажет; жеткілікті қаржыландыру болмауына байланысты бизнесте түрлі сәтсіздіктер болып жатады. Алайда ақша – сәтсіздіктен сақтайтын жалғыз қорған емес. Жеткілікті қаржыландырудың болмауы – көбінесе басқа мәселелердің: басқарушылық қабілеттің, қаржылық сауаттың жетіспеуі, мардымсыз инвестиция, жоспарлаудың кемшіліктері және т.б. көрсеткіші.

Көптеген табысты кәсіпкерлер ақша жетіспеушілігін жеңіп шығып, венчур бастады. Ондай кәсіпкерлер үшін ақша – мақсат емес, ресурс қана.

7-миф: Кәсіпкерлер – жолы болғыш адамдар. «Тиісті уақытта тиісті жерде» болудың артықшылығы күмәнсіз, бірақ «дайындық мүмкіндіктермен ұштасқанда ғана сәттілікке қол жеткізіледі» деген мәтелдің де жаны бар. Мүмкіндік туындаған кезде соған дайын болған кәсіпкерлер көбінесе «табысты» болып көрінеді. Шын мәнінде, олар жай ғана жағдайды жеңуге және табысқа жетуге дайындалды. Табысқа жетудің өзі – дайындық, табандылық, тілек, білім мен жаңашылдықтың ұштасуы.

8-миф: Кәсіпкерлік – берекесіздік пен хаос. Кәсіпкерлерді әуелі шаруасын тындырып алып, содан кейін сұрақ қоятын адам деп қарастыру процесі бар. Кейбіреулер оларды берекесіз, тәртіп пен жүйелілікті білмейді деп есептейді. Шын мәнінде, кәсіпкерлер өз кәсібінің барлық қырларын жете меңгерген.

Әдетте олар – тиянақты адамдар. Кәсіпкерлер өзі қалыптастырған болсын, басқалар жасаған болсын – жүйелілікке ұмтылады. Бұл жүйе басымдықтарды анықтау және дұрыс бағыт ұстану үшін оның жеке қасиеттеріне бейімделіп жасалады. Сырт көзге олардың жүйесі қызық болып көрінуі мүмкін, бірақ ол – жұмыс істеп тұрған жүйе.

9-миф: Кәсіпкерлік бастамалардың дені – сәтсіз. Бұл мифтің жалпы мағынасы мынада: он жаңа венчурдің тоғызы сәтсіздікке ұшырайды. Фактілерге сүйенсек, олай емес екенін көреміз. Жылдар бойы статистикалық көрсеткіштер қателесіп келген. Шын мәнінде, зерттеуші Брюс А. Кирчхоффтың мәлімдеуінше, үнемі айтылатын «сәтсіздіктің жоғары көрсеткіші» қате болуы мүмкін.

1993 жылы Кирчхофф 1977 жылы ашылған 814 мың бизнесті қарастырып, нәтижесінде олардың 50%-дан астамын бұрынғы немесе жаңа иелері әлі күнге дейін жүргізіп отырғанын дәлелдеген. Ал 28% – бұрынғы жабылғандар, тек 18% ғана «сәтсіздікке» ұрынған, яғни өтелмеген міндеттемелері қалған. Одан бергі зерттеулерде де кәсіпорындардың сәтсіздікке ұшырауы мұншалықты деңгейде емес екені айтылады.

Табысқа қол жеткізбес бұрын, біраз сәтсіздікті басынан өткізетін кәсіпкерлер «Әлденеге бірден қол жеткізе алмасаң, қайта-қайта қасарыса алға ұмтылудан танба!» деген қағидаға сүйенеді. Шын мәнінде, үйренгісі келетін адамға сәтсіздік те сабақ болады және соның арқасында болашақ табыстарға жол ашылады. Мұны әр жаңа пайда болған венчурмен бірге бұрын байқалмаған жаңа мүмкіндіктер пайда болады дейтін дәліз принципінен байқай аламыз.

10-миф: Кәсіпкерлер – ерекше тәуекелшіл адамдар. Кәсіпкерлік процестің негізгі элементі – тәуекел тұжырымдамасы. Алайда кәсіпкер қабылдайтын тәуекелді көпшілік сәл өзгеше түсінеді. Сырт көзге кәсіпкер «құмар ойын ойнаушы» сияқты болып көрінгенімен, шындап келгенде, ол – «есептелген» тәуекелге ғана баратын адам. Көптеген кәсіпкерлер жоспарлау мен дайындық кезеңінде көп жұмыс атқарады, сол арқылы тәуекел қаупін азайтады және өз көзқарастарының жүзеге асуын қадағалайды.

Осы аталған он миф қазіргі заманғы кәсіпкерлік жөніндегі негізгі түсінікті қалыптастыру үшін келтірілді. Фольклорға шолу жасау арқылы біз кәсіпкерлік процесті зерделейтін қазіргі заманғы теорияларды сыни зерттеудің іргетасын қаладық.

Кәсіпкерлік революция: жаһандық феномен

Кәсіпкерлік – бизнестің табандылығы мен жетістігінің символы. Кәсіпкерлер бизнестің бүгінгі табыстылығының алғашқы қарлығаштары болды. Олардың мүмкіндіктер туралы сезімі, жаңашылдыққа ұмтылысы және бастаған ісін аяғына жеткізуге деген жігер – қуаты еркін венчурлерді өлшейтін стандартқа айналды. Бұл бүкіл әлемдік стандарт болып қабылданды.



Мысалы, Жаһандық кәсіпкерлік мониторы 1999 жылы дамыған 10 елден басталып, 2014 жылға қарай 70-тен аса экономика мен 100-ден аса елдерді қамтыды.

2013 жылы әлем халқының 75%-ын және әлемдік ІЖӨ-нің 90%-ын құрайтын 70-тен астам экономика адамдарына сауалнама жүргізілді. GEM деректері 250 млн адамның ерте кезеңдегі кәсіпкерлік қызметке тартылғанын көрсетті. Олардың ішінен шамамен 63 миллион адам бес жыл ішінде кемінде бес қызметкерді жалдамақ, ал олардың 27 миллионы бес жыл ішінде 20 немесе одан да көп қызметкер жалдауға болжам жасап отыр. GEM соңғы талдауында ерте кезеңдегі кәсіпкерлердің өсу үміті мен ұмтылысы, әлеуетті кәсіпкерлік әсердің негізгі өлшемі және бүкіл әлем бойынша көптеген басым мақсаттарға – жұмыс орындарын құруға тікелей байланысты болуы мүмкін деген қорытынды жасады. Мұның барлығы кәсіпкерліктің және кәсіпкерлік ойлау жүйесінің бүкіл әлемдегі жұмыс орындарының өсуіне қосқан үлесін көрсетеді. 36 GEM-ге қатысушы елдер экономикасын факторларға, тиімділікке негізделген және инновацияларға негізделген деп үш деңгейге бөледі. Бұл Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік есебіне қарай жасалған, ол жан басына шаққанда ІЖӨ негізіндегі экономикалық дамудың үш кезеңін және шикізат тауарларынан тұратын экспорттың үлесін анықтайды. WEF классификациясы бойынша факторларға негізделген деңгейде алсақ – ауыл шаруашылығы мен кен өндіру бизнестері басым және еңбек пен табиғи ресурстарға байлаулы. Тиімділікке негізделген деңгейде – даму индустрияландырумен қамтамасыз етіліп, ауқымдылыққа тәуелді болады және бұл деңгейде қарқынды-капиталы бар ірі ұйымдар басым. Даму инновацияларға негізделген деңгейге жеткенде бизнестегі білім қарқыны арта түседі және қызмет көрсету саласы кеңейеді.

GEM зерттеулерінен алынған сабақтар:

- Кәсіпкерлік экономикаға олардың көп болуымен ғана әсер етпейді. Бұл орайда, өсім, инновация және интернационалдану сияқты сапалық өлшемдерді басты назарда ұстаған жөн.
- Кәсіпкерлік серпін мен тұрақтылықты қажет етеді. Серпін жаңа бизнестерді құру және жарамсыздарын шығару жолымен жүреді. Тұрақтылық – жаңа бизнестерді тестілеу және олардың әлеуетіне жетуіне мүмкіндік жасау арқылы қамтамасыз етіледі.
- Кәсіпкерлік бизнестің түрлі фазалары мен түрлерін қамтуы тиіс, оларды алуан типтегі кәсіпкерлер, оның ішінде әйелдер және түрлі жастағы топтар да басқаруы қажет.
- Кәсіпкерлікті жетілдіруге бағытталған бастамалар экономиканың даму деңгейін ескеруі тиіс. Бұл жергілікті талаптардың негізгі жиынтығын, бар күш-жігерді тиімділік күшейткіштерін нығайтуға, содан кейін бизнес үшін негіздемелік жағдайларды қалыптастыруға бағыттайды.
- Кәсіпкерлік ойлау жүйесі тек кәсіпкерлерге тән нәрсе емес. Ол осы серпінді күш-жігермен қолдау көрсетуге және ынтымақтасуға дайын түрлі мүдделі тараптарды қамтуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпкерлік ойлау жүйесі басқа тұлғаларды да бизнес бастауға жанама түрде ынталандыруы мүмкін. Бұл кәсіпкерлікті кеңінен танудың маңызын көрсетеді.

Бүгінде бүкіл әлем Кәсіпкерлік революциясын бастан кешіріп отыр. XX ғасыр үшін Индустриялық революция қаншалықты маңызды болса, бұл революция XXI ғасыр үшін соншалықты маңызды болмақ.

Түйін

Бұл дәрісте динамикалық және дамып келе жатқан, әрі қарай зерттеу үшін негіз болатын кәсіпкерлік эволюциясы туралы айтылды. Ерте экономикалық анықтамаларды зерттеп және қазіргі заманғыларын таңдап, кәсіпкерліктің қалай зерттелгені туралы тарихи көрінісі ұсынылды.

Сонымен қатар осы жаңадан дамып келе жатқан зерттеу саласын қамтитын «фольклорды» жақсы түсіну үшін кәсіпкерлік туралы 10 миф талқыланды.